



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультеті
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of Journalism and Political Science
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ПРОГРЕСКЕ 30
ЖЫЛ»**

XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
9 сәуір 2021 ж.

**«INDEPENDENT KAZAKHSTAN: 30 YEARS OF STABILITY AND
PROGRESS»**

Proceedings of the XI-International Scientific and Practical Conference
on April 9, 2021

**«НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: 30 ЛЕТ СТАБИЛЬНОСТИ И
ПРОГРЕССА»**

Материалы XI-Международной
научно-практической конференции
9 апреля 2021 г.

Нұр-Сұлтан, 2021

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

К.полит. наук, ассоциированный проф. **М.К. Дюсембекова**, Казахстан
Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия
Кандидат политических наук, доцент **М.К. Тулебаева**, Казахстан
Магистр социальных наук, преподаватель **Н.Болатулы**, Казахстан

«Независимый Казахстан: 30 лет стабильности и прогресса».

Сборник материалов XI-Международной научно-практической конференции. (9 апреля 2021 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337-516-8

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337-516-8

**© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021.**

Республики Казахстан // Первый Президент Республики Казахстан – Елбасы: стратегия государственного управления и феномен лидерства: сборник материалов международной научно-практической конференции, Алматы, 11 ноября 2017 года. – Астана: Библиотека Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы, 2018. – с. 152-157.

5. Ионова Е. Развитие отношений Казахстана и Узбекистана как фактор регионализации в Центральной Азии // Россия и новые государства Евразии. 2018. № 4, с. 132-145. URL: <https://doi.org/10.20542/2073-4786-2018-4-132-145> (дата обращения 02.04.2021).

6. Галиуллин М. З., Гадеев Р. Д. Современные экономические и гуманитарные отношения республик Узбекистана и Казахстана // Успехи современной науки – 2016. – №10 (12), с. 54-57. URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=27712624> (дата обращения 01.04.2021).

7. Бурцев А. И. Важный этап сотрудничества Республики Казахстан с Республикой Узбекистан (2012 г. - первая половина 2017 г.) // Вестник Донецкого Национального Университета. Серия: Гуманитарные науки. – 2019. №2, с. 14-19. URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=41094425> (дата обращения 02.04.2021).

8. Джунусбаев С.М., Савин И.С. Свой/чужой: мигранты из Узбекистана в узбекских селах Южного Казахстана // Этнографическое обозрение. – 2015. № 6, с. 55-67.

Ахатай Б.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
magtarih@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АЙМАҚТАРДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕМЕНШІК ӘРІПТЕСТІКТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abstract. The article discusses topical issues in the field of public-private partnership since independence. The author tries to show the accumulated problems, especially in the regions. The issues of state programs adopted in connection with business development, as well as the provision of subsidies to entrepreneurs at the appropriate level and in full will be considered, and ways to solve them will be proposed.

Keywords: independence, public-private partnership, business, subsidies.

Қазақстанның тәуелсіз ел болуы, саяси, экономикалық, қоғамдық қатынастардың барлық негізгі салаларын қайта жасақтауы елімізде бизнес саласын қайта қарауды, соның ішінде мемлекеттік және жекеменшік әріптестікті қарқынды дамытуды талап етті. Дегенмен аталған салада тәуелсіздік алған жылдардан бері қордаланып келе жатқан өзекті проблемалар баршылық. Әсіресе аймақтардағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік саласындағы жұмыстарда қазіргі күні орын алып отырған кемшіліктерді атап көрсетуге тырысамыз. Жалпы бизнесті дамыту кез келген мемлекет үшін маңызды. Бизнесті дамыту (кейде Кәсіпкерлікті дамыту, ағылшын тілінде - Business development) дегеніміз ұйымдар ішінде және ұйымаралық міндеттер мен процестерді дамыту мен жүзеге асыруға талпыну [1]. Бизнесті өркендету арқылы мемлекеттің экономикасы алға жылжиды, өркендейді. Себебі, бизнесті дамыту әдетте бизнес, коммерция және ұйымдасу теориясы салаларының негізгі тақырыбы. Бизнесті дамыту дегеніміз клиенттерден, нарықтан және қарым-қатынастардан мәлім ұйым үшін ұзақ мерзімді құндылықтар қалыптастыру [2]. Тиімді нарықтық экономиканы құруда шағын және орта бизнестің мәні оның бәсекелік ортаны қалыптастыру мен дамытуға жәрдемдесетін құрылымдық фактор ретіндегі орны мен рөлімен анықталады. Шағын бизнестің негізгі функциялары — бұл көбінесе жергілікті нарықты қажетті өнім мен қызметтермен қамтамасыз ету, жұмыспен қамтылу мәселесін шешудегі жәрдем. Мұндай мәселелердің

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

оңтайлы шешілуі ауыспалы кезеңде орын алатын әлеуметтік дағдарыстың зардаптарын азайтады.

Біздің жартылай саяси, жартылай жеке әлемде мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктердің саны артып келеді. «Мемлекеттік-жеке» термині әдетте кейбір «мемлекеттік» объектілерді - көшелерді, су жүйелерін және тағы сол сияқты бірлесіп қаржыландыруға және кейде бірлесіп басқаруға қатысты қолданылады. Мемлекет тарапынан кіші және орта бизнесті дамытуға үлкен назар аударылып отырғанын айту керек. Осы ретте «Бизнестің жол картасы-2020», «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020», сондай-ақ «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, бизнестің сенімді серіктесі саналатын «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының атқарып отырған түрлі шараларын, соның ішінде «Кәсіпкерлікті дамытудың ұтымды он қадамын» атап өтуге болады. Дегенмен жаппай кәсіпкерлікті ынталандыру мәселесі өте баяу жүріп жатқаны ақиқат. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Үкімет жұмысындағы басым бағыттардың бірі ретінде жаппай кәсіпкерлікті ынталандыру және жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді тапсырғаны мысал бола алады. «Сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, жекелей алғанда ауыл шаруашылығы кооперациясы және экспорттық әлеуетті әртараптандыру бойынша тапсырмалар берілді» [3].

Жалпы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік екі жаққа да тиімді болуы мүмкін. «Яғни үкімет үшін де, жеке сектор үшін де тартымды болуы ықтимал. Үкімет үшін жеке қаржы мемлекеттік борыштар мен қарыздардың бірден өсуінсіз инфрақұрылымға инвестициялардың ұлғаюына қолдау көрсете алады және үкіметтің кіріс көзі бола алады. Сонымен бірге жеке сектордағы басқарудың жақсаруы және оның инновацияға қабілеттілігі тиімділіктің жоғарылауына әкелуі мүмкін; бұл өз кезегінде жақсы әрі арзан қызметтердің араласуына әкелуі керек. Жеке сектор үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік көптеген жағдайларда бұрын алынып тасталған салаларда бизнес мүмкіндіктерін ашуда» [4]. Аймақтардағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті рәсімдеу барысында жергілікті атқару органдары арқылы мақұлданатын болғандықтан кәсіпкерлер үшін айтарлықтай кедергілер бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Мұндай өңірлерде ісі өрге домалайтындардың көпшілігі жергілікті билік алдында абыройы бар немесе туысқандық белгілері бойынша лауазымдыларға қатысы бар азаматтар. Бұл шынайы кәсіпкерлікті жүргізе алатын белсенді бизнес өкілдерінің тартымды жобаларына шектеу қойып, сыбайлас-жемқорлықтың етек алуына септігін тигізуде. Аймақтардағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің тиісті деңгейде дамымай, керісінше кері кетуіне осындай факторлар ықпал етуде және бұл үрдіс ұзақ жылдар бойы жалғасып келе жатқанын айтуға болады. Аталған проблеманы түбегейлі шешу үшін аудандар мен ауылдардағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы бизнес бастауға немесе жалғастыруға ниетті кәсіпкерлердің өтініштерін облыс орталықтарында қарау және аталған процеске «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілі мен тәуелсіз сарапшыларды тарту арқылы жүзеге асыруға болады деп тұжырымдаймыз.

Отандық бизнесті дамыту жолында үлес қосып отырған «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасы Үкіметімен және мемлекеттік органдармен келіссөз жүргізу күшін нығайту үшін құрылды. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының негізгі міндеті – бизнестің мүдделері мен құқықтарын қорғау. Ұлттық палатаның қызметі ұлттық және шетелдік инвесторлар үшін елдегі іскерлік, инвестициялық климатты жақсартуға, тұрақтылықты, бизнесті жүргізу жағдайын дамытуға бағытталған. «Атамекен» бизнес пен билік арасындағы дәнекерге айналды. «Бүгінде сұхбаттасу алаңы құрылды. Біз Қазақстанның барлық консультативтік-кеңестік органдарының құрамына енгізілдік. Сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссияның барлық жұмысшы органдарында өкілдеріміз бар, бақылаушы органдарға даму институттарын енгізу жұмыстары басталып кетті», – дейді «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов. Бұл өз кезегінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамытуға дәнекер болатын бірден бір тетік десе де болады. Кәсіпкерлер палата сарапшыларының

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

пікірінше, бизнестің мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке деген қызығушылығының төмендігі – жобалардың қымбат болуымен түсіндіріледі. Мәселен, балабақша салу бойынша мелекеттік-жекеменшік әріптестік жобасының құны 70-тен 140 млн теңгеге дейін шарықтап тұр. Бұған қоса кәсіпкер бастапқы кезеңде жобаға 10% жарна салуы тиіс. Бюджеттің аздығы немесе жоқтығы (инвестициялық/транзакциялық шығындарды өтеу) да мелекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларға қатысуға шешім қабылдауға кедергі келтіреді. Бүгінде жергілікті атқарушы органдармен бірге орындалып, тез таралып жатқан жобалар қатарында мектеп оқушыларын тамақтандыру, балабақша, тас жол салу, көшелерді жарықтандыру және тағы басқалары бар. Осылайша, аймақтардағы «Атамекен» филиалдарының жұмысын әлі де жетілдіру қажет. Ол үшін ең алдымен білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесін шешкен дұрыс. Бизнесті дамытуға байланысты қабылданған мемлекеттік бағдарламалар, сонымен қатар субсидиялардың тәртіптері мен тиісті мөлшерлемелері туралы ақпарат кәсіпкерлерге тиісті деңгейде әрі толыққанды жеткізілмейді. Ауылды аймақтардан келетін кәсіпкерлердің кәсіпкерлік сауатын ашу курстарында да проблемалар бар. Мұндағы аса өзекті мәселе оқу курстарының сирек болуы және орындардың шектеулілігін атауға болады.

Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік – мемлекеттік инфрақұрылым объектілерін күтіп ұстау, пайдалану, қайта құру, жаңғырту, салу және мемлекеттік қызметтер көрсету үшін мемлекеттік серіктестің әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарына жету үшін жеке серіктесті тарту оларды ұзақ мерзімді өзара тиімді ынтымақтастық негізінде, тәуекелдерді, құзыреттер мен жауапкершіліктерді бөлісу негізінде мемлекеттік-жекеменшік серіктестік туралы келісім жасасу және орындау арқылы жүзеге асырумен байланысты болатынын ескерсек, осы бағытта жұмыс жасауға құлшыныс білдіретін азаматтар көп. Бірақ, аймақтардағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік саласындағы қағазбастылықтың да аталған саланың дамуына кері әсерін тигізіп отырғанын да атап өткен жөн. Бизнесті ашуға ниет білдірген адамнан сұратылатын құжаттардың көптігі мен қойылатын талаптардың салмақтылығы қарапайым азаматтардың өз кәсібін ашуға деген ниетіне нұқсан келтіруде.

Билік мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың тиімділігін дәлелдей отырып, тиісті ақпаратты кәсіпкерлерге жеткізе білуі маңызды. Бұл туралы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ Заңында: «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын консультациялық қолдап отыру – Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары айқындайтын заңды тұлғалар мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қолдап отыру бойынша көрсететін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық (аукциондық) құжаттамасын, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының жобасын әзірледі, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектілері арасындағы келіссөз процесінде консультациялық қызметтер көрсетуді қамтитын көрсетілетін қызметтер»-деп, ашып көрсетілген [5]. Яғни, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын консультациялық қолдау мемлекеттік органдардың тарапынан жүзеге асырылуы тиіс. Осы ретте өңірлерде, әсіресе ауылды аймақтарда кәсіби кеңес бере алатын, бизнес жобалардың мәнін түсінетін білікті мамандардың тапшылығы байқалады. Сондай-ақ, аталған заңның 3-бабында Мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің міндеттері анық көрсетілген:

- Қазақстан Республикасының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптестің тиімді өзара іс-қимылы үшін жағдайлар жасау;
- инфрақұрылымды және халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерін дамыту үшін мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптестің ресурстарын біріктіру арқылы мемлекет экономикасына инвестициялар тарту;
- халықтың, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі деңгейін және сапасын арттыру;

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

- Қазақстан Республикасындағы жалпы инновациялық белсенділікті арттыру, оның ішінде жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға жәрдемдесу [5].

Қорыта айтқанда, аймақтардағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту бойынша кешенді жұмыстар атқару қажеттілігі бар. Айтылғандардың негізінде мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті дамытудың төмендегідей негізгі мәселелерін атап өтуге болады:

1. Заңнамалардың жетілдірілмеуі және олардың бұрмалануы мен ондағы сәйкессіздіктер мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің тетіктері мен мүмкіндіктерін толық әрі тиісті деігейде қолдануға мүмкіндік бермейді;

2. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы заңмен және концессиялық келісімдерді қолдану тәжірибесімен таныс емес құқық қорғау органдары кейбір жағдайларда бұл тәжірибені заңсыз деп санайды, бұл концессиялық келісімдерде мемлекеттік мүлікті жекешелендіру схемаларын жасырады деген болжам жасайды, дегенмен, іс жүзінде біз заң шығарушы органмен бекітілген мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы заңдарды қолдану туралы айтып отырмыз;

3. Билік инфрақұрылымды дамыту қажеттілігіне қарамастан мемлекеттік-жекеменшік серіктестік схемаларын қолдануға жиі мүдделі емес, мұндай қатынастың себептерінің бірі салықтық түсімдерді дұрыс бөлмеу болып табылады;

4. Әр түрлі деңгейдегі мемлекеттік органдардың болжанбаған «мінез-құлқы» инвесторларға перспективалық жобаларға инвестициялардың тиімділігін есептеу кезінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің тетіктерін пайдалануға мүмкіндік беретін перспективалы әдістерін дұрыс таңдауға кедергі келтіреді;

5. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік заңнамасы төңірегіндегі мәселелер, атап айтқанда, жобаға инвестицияларды және муниципалдық инфрақұрылымға инвестицияларды ескерген кезде инвесторға бөлек салық салу проблемасы.

6. ҚР Үкіметі 2011 жылғы 29 маусымда 2011-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту жөніндегі бағдарламасын қабылдап, кезеңімен жүзеге асырған болатын. Қазіргі күні де мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту бойынша жаңа бағдарлама қабылдау қажеттілігі туындады деп есептейміз. Ол бағдарламада аймақтардағы бизнесті, соның ішінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамытуға тікелей басымдық берілуі тиіс деп санаймыз.

Өңірлерді дамыту, ондағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бойынша қызмет жасайтын кәсіпкерлікті дамыту егемендіктің төртінші онжылдығына қадам басқан еліміз үшін аса маңызды. Сондықтан жоғарыда аталған кемшіліктер мен олқылықтардың орны уақыт өте келе толатынына сенім мол. Аталған мәселеге ел Президенті айырықша мән беріп отыр. Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі Мемлекеттік комиссияның алғашқы отырысында айтты. Мемлекет басшысы: «Бүгінде біз іске асырып жатқан елімізді жүйелі түрде жаңғырту жұмысы адамдардың қоғамдағы, экономикадағы, мәдениеттегі мүмкіндіктерін ашуға бағытталған. Мемлекеттік жоспарлау мен басқару салаларындағы соңғы өзгерістер де осы мақсатты көздейді. Біз өңірлік деңгейдегі теңсіздіктер мен кедергілерді біртіндеп жоямыз. Өйткені бізге қуатты Тәуелсіз Қазақстанды құру үшін аймақтардың бәсекеге қабілетті болып, әр ауыл мен қаланың тұрақты дамығаны керек», – деген болатын [6]. Ендеше, жаңа құлшыныспен, зор сеніммен болашаққа қадам басамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Compare: Venture capital financing of techno-entrepreneurial start-ups: drivers and barriers for investments in research-based spin-offs in the Dutch medical life sciences industry // Handbook of Research on Techno-Entrepreneurship: How Technology and Entrepreneurship are Shaping the Development of Industries and Companies — 2. — Edward Elgar Publishing. — P. 169. — ISBN 9781781951828.

2. [What, Exactly, Is Business Development?](#) July 2015

3. Атамекен. [Кәсіпкерлікті дамытудың ұтымды 10 қадамы](https://atameken.kz/kk/news/24001-0-shagov-po-razvitiyu-predprinimatel-stva)
<https://atameken.kz/kk/news/24001-0-shagov-po-razvitiyu-predprinimatel-stva>
4. PROBLEMS_OF_MANAGEMENT_OF_PUBLIC-PRIVATE_PARTNERSHIPS
<https://www.researchgate.net/publication/269046338>
5. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ Заңы.
6. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл.
<https://primeminister.kz/kz/news/prezident-kazakstan>

Дюсембекова М.К., Нечаева Е.Л.
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
maira.enu@mail.ru, elenech@inbox.ru

ПАНДЕМИЯДАН KEЙІНГІ ЖАҒДАЙДА ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА «БЕЛДЕУ ЖӘНЕ ЖОЛ» БАСТАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫ АНЫҚТАЙТЫН ФАКТОРЛАР

Abstract. The article presents the factors of influence of coronavirus on the «Belt and road» initiative and economic consequences for the participating countries from Central Asia. The coronavirus epidemic and the impending economic crisis will affect relations between Central Asian countries. They will not have a completely new reality, but existing trends will accelerate dramatically. In this situation, the economy and technological development of the Central Asian countries will become increasingly dependent on China, which will also affect other areas of cooperation. The article points out problematic issues in the further development of economic corridors, as well as the positive and negative consequences of the pandemic, the reasons for revising the pace and scale of infrastructure projects. Perspective directions of further development of this initiative in political and economic aspects are considered. The coronavirus and its consequences are likely to force the Central Asian countries and China to move closer together much more rapidly. But despite some negative consequences, in the short term, Central Asian countries have no choice but to become even closer to China.

Key words: China, Central Asia, Belt and Road Initiative, COVID-19 pandemic.

«Белдеу және жол» - сауда, көлік, мәдени халықаралық байланыстарды дамытуға, инвестициялық ағындарды жандандыруға қатысты жаһандық стратегиялық мегажоба. Ертеден келе жатқан Жібек жолының дәстүрлі бағыттары Еуразиялық кеңістіктің жаңа көліктік болмысын құрудың негізі болды.

Коронавирус экономикалық өсудің төмендеу үрдісіне байланысты «Белдеу және жол» бастамасына (БЖБ) қатысушы елдердің экономикасына елеулі әсер етті, түрлі елдер экономикаларының осалдығын көрсетті. Коронавирустың өршуі әлемнің көптеген елдерінде экономикалық құлдыраудың басты себебі болды.

Пандемия сонымен қатар Қытайға және оның Орталық Азиядағы БЖБ-ны алға жылжыту жөніндегі күш-жігеріне әсер етті. Қытайдың Орталық Азияға деген қызығушылығы күрделі себептерге байланысты. Коронавирус пандемиясы, осының әсерінен жаһандық қаржы жүйесінің жалғасып жатқан дағдарысы және батыс пен Шығыстың, АҚШ пен НАТО-ның Ресей мен Қытайға қарсы геосаяси қарама-қайшылығының өсуі аясында аймақта ресми Бейжің үшін жаңа стратегиялық міндеттер пайда болды, атап айтқанда:

- Орталық Азиядан Қытайға мұнай және газ құбырларының кепілді қауіпсіздігін құру қажеттілігі;